



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№43/173
25 қазан



Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет
www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ РЕСПУБЛИКА КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ

Республика күні құтты болсын!

Қазақстан осыдан 35 жыл бұрын Егемендік декларациясын қабылдап, жаңа дәуірге қадам басты. Тарихи құжатта халқымыздың өз болашағын дербес айқындау құқығы нақты көрініс тапты. Сол арқылы бостандықтың байрағын көтеріп, заманауи мемлекет құруымызға жол ашылды.

Содан бері еліміз қиын да күрделі жолдан өтті. Біз Тәуелсіздігіміздің саяси-экономикалық тұғырын бекіттік, шекарамызды айқындап, оны бүкіл әлемге таныттық, жаңа астанамызды салдық. Сондай-ақ жалпыұлттық бірегейлігімізді нығайту, азаматтарымыздың әл-ауқатын арттыру жолында зор жетістікке қол жеткіздік. Қазақстан саликалы әрі сындарлы сыртқы саясатының арқасында өзінің ұлттық мүддесіне адал, халықаралық абырой-беделі жоғары мемлекет ретінде қалыптасты.

Дегенмен алдымызда бұдан да зор міндеттер тұр. Біз қазіргі алмағайып замандағы орасан сын-қатерлерге қарамастан, барлық азаматқа бірдей мүмкіндік беретін Әділетті Қазақстанды құрып жатырмыз. Саясаттағы, экономика мен әлеуметтік саладағы реформалар Отанымыздың өсіп-өркендеуін қамтамасыз етіп, халқымыздың тұрмыс сапасын арттыруды көздейді.

Біз «Заң және тәртіп» қағидатын, «Таза Қазақстан» идеологиясын, отаншылдық пен тілеуестік, еңбекқорлық пен жауапкершілік, білімпаздық пен кәсібилік құндылықтарын қоғамда барынша орнықтырып, келешегіне сеніммен қарайтын озық ойлы ұлт ретінде қалыптасып келеміз.

Әр буынның өз миссиясы бар. Осы орайда, бабалар өсиетін ұмытпай, қастерлі Тәуелсіздігімізді нығайта түсу, Қазақстанды дамыған, жасампаз әрі әділетті ел ету — бәрімізге ортақ парыз.

Біз еселі еңбектің, өзара қолдаудың және ең бастысы, мызғымас бірліктің арқасында барлық жоспарымызды табысты жүзеге асырып, жаңа белестерді бағындыра беретінімізге сенімдімін.

Еліміздің келешегі — әрқайсымыздың қолымызда.

Қазақстанның көк туы әрдайым биікте желбіресін!

Баршаңызға зор денсаулық, бақ-береке және мол табыс тілеймін!

akorda.kz

ҚҰРМЕТТІ ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

Қадірлі жерлестер!

Баршаңызды Республика күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл еліміздің тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадамы болды. Азаматтық, тәуелсіздік, егемендік кез-келген ұлт үшін ең қымбат мұра. Осы күннен бастап Қазақстан әлемдік тарих бетінде Тәуелсіз Ел ретіндегі жаңа парақтарын бастады.

Бұл күн туралы мемлекет басшысы «Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болу керек» деген болатын. Бүгінде бейбіт халқымыздың бағындырған белестері, алған асулары жетерлік. Мемлекетіміздің дамуы тұрақты саясат пен ішкі бірліктің арқасы. Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы асыл мұраты — азаттықты аялау, татулықты сақтау біздің басты міндетіміз болып табылады.

Мерейлі мереке күні барлықтарыңызға мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, шаңырақтарыңызға шаттық, бақ-береке тілейміз. Тәуелсіздігіміз тұғырлы, бірлігіміз баянды, еліміз асқақтай берсін.

Республика күні құтты болсын!



УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК!

Дорогие земляки!

От всей души поздравляем вас с Днём Республики!

25 октября 1990 года была принята Декларация о государственном суверенитете Казахстана. Это стало первым шагом нашей страны на пути к независимости. Гражданственность, свобода и суверенитет — самые ценные сокровища для любого народа.

С этого дня Казахстан начал новую страницу своей истории как независимое государство.

Глава государства отметил: «День Республики должен стать символом исторического шага страны на пути к построению государства». Сегодня наш мирный народ добился значительных высот и достижений. Развитие государства — это результат взвешенной политики и внутреннего единства. Беречь свободу и хранить согласие — священный долг каждого из нас, ведь именно об этом мечтали наши предки на протяжении веков.

В этот знаменательный день желаем всем крепкого здоровья, благополучия вашим семьям, радости, мира и процветания вашим домам. Пусть наша независимость будет нерушимой, единство — прочным, а страна — процветающей.

С Днём Республики!

Приозерск қаласының әкімі Ахметов М.Т.

Приозерск қалалық мәслихат төрағасы Исатаев А.Н.



ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНДА РЕСПУБЛИКА КҮНІ САЛТАНАТТЫ ТҮРДЕ АТАП ӨТІЛДІ

«Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығында Қазақстан Республикасының ең басты ұлттық мерекесі – Республика күніне арналған салтанатты жиын мен мерекелік концерт өтті.

Іс-шара ҚР Мемлекеттік Туының енгізіліп, Әнұранның орындалуынан басталып, ел рухын асқақтатқан әсерлі көрініспен ашылды.

Қала әкімі Ахметов Мансұр Талғатұлы жиналғандарды мерекемен құттықтап, қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосқан бірқатар азаматтарға Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттар табыс етті. Қала әкімінің Құрмет грамотасымен Алтай Нәсіпбекұлы Исатаев және Рахматулина Диана Асхатовна марапатталды. Дауыпбаев Блял Амантаевич, Рауан Дайырбекұлы Тобыков, Сметов Азамат Сметович, Дидар Шаймуратұлы Савельев, Батирбаев Сакен Жангабергенович, Шынар Ниязқызы Қоржунбаева, Мадбек Кызгалдак Мухтаровна және Сайлаубек Лаура Жанайдарқызы қала әкімінің Алғыс хаттарымен марапатталды.



Сахна төрінде әуезді әндер шырқалып, би ұжымдарының ұлттық нақыштағы билері көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. №15 өрт сөндіру бөлімінің қызметкерлері «Мен қазақпын» әнін хормен орындады. Қонақтар «Вдохновение» би тобының тамаша билерін тамашалды. Сонымен қатар, әскери бөлім сарбаздарының әсерлі әскери көрсетілімі көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді.

Кеш соңында көрермендерге арнайы шақырылған қонақ – белгілі композитор және әнші Ұшқын Жамалбек бірнеше әсем ән орындап, мерекелік концертті тамаша әсермен түйіндеді.

Республика күні – ел бірлігі мен тәуелсіздігіміздің нышаны!

Бірлігіміз бекем, елдігіміз еңселі болсын!

Исатай М.

В ПРИОЗЕРСКЕ ТОРЖЕСТВЕННО ОТМЕТИЛИ ДЕНЬ РЕСПУБЛИКИ



В Центре детского и юношеского творчества «Достық» состоялось торжественное собрание и праздничный концерт, посвящённые главному национальному празднику страны — Дню Республики Казахстан.

Мероприятие началось с внесения Государственного Флага Республики Казахстан и исполнения Гимна, что придало празднику особую торжественность и патриотический дух.



Акима города Ахметов Мансур Талгатович поздравил присутствующих с праздником и вручил Почётные грамоты и Благодарственные письма гражданам, внесшим значительный вклад в социально-экономическое развитие города. Почетной грамотой акима города награждены Исатаев Алтай Насипбекович и Рахматулина Диана Асхатовна. Даупбаев Блял Амантаевич, Тобыков Рауан Дайырбекович, Сметов Азамат Сметович, Савельев Дидар Шаймуратович, Батирбаев Сакен Жангабергенович, Коржунбаева Шынар Ниязовна, Мадбек Кызгалдак Мухтаровна и Сайлаубек Лаура Жанайдаровна были награждены благодарственными письмами акима города.

Со сцены звучали мелодичные песни, а танцевальные коллективы порадовали зрителей яркими национальными танцами, создавая атмосферу радости и единства. Кроме того, показательное военное выступление военнослужащих вызвало особый интерес и горячие аплодисменты зрителей.

В завершение концерта специально приглашённый гость — известный композитор и певец Ушқын Жамалбек исполнил несколько популярных песен, ставших прекрасным финалом праздничного вечера.

День Республики — символ единства и независимости нашей страны!

Пусть крепнет наше единство, а Родина процветает!

Исатай М.

“ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМНІҢ АЛДЫН АЛУ”

ПЕШПЕН ЖЫЛЫТУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ



Діни экстремизм мен терроризм қазіргі таңда әлемде кеңінен таралған күрделі мәселе болып отыр. Олар адамның діні мен сеніміне негізделген идеологиялық қақтығыстардың нәтижесінде пайда болып, қоғамға үлкен қауіп төндіреді. Қазақстанның зайырлы мемлекет ретінде діни экстремизм мен терроризмнің алдын алуға бағытталған заңдар мен шараларды қабылдауы осы мәселемен күресудің тиімді жолдарын іздеуге көмектеседі. Мұндай қатерлерге қарсы тұру үшін мемлекет пен қоғам бірлесе отырып, профилактикалық жұмыстар жүргізіп, діндарлықты терең түсіну мен діни төзімділікті нығайту қажет.

Діни экстремизм мен терроризмнің басты себептерінің бірі – адами сананың ашықтығы мен толеранттылықтың жетіспеушілігі. Діни сенімдер мен мәдени құндылықтар арасындағы айырмашылықтар, бір тараптың басқа тарапты қабылдамауы, радикалды идеологиялар мен экстремистік топтардың үгіт-насихаты діни төзімсіздік пен зорлық-зомбылыққа жол ашады. Әсіресе жастар арасында діни сауатсыздық, әлеуметтік әділетсіздік, жұмыссыздық сияқты әлеуметтік мәселелер экстремистік идеологиялардың таралуына жағдай жасайды.

Қазақстанның діни саясаты зайырлы мемлекетке сәйкес жүргізіледі. Бұл бағытта мемлекет діни сенім бостандығын қамтамасыз ете отырып, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу мақсатында бірқатар заңдар мен ережелер енгізді. Қоғамдық ұйымдар, діни басқармалар, құқық қорғау органдары және басқа да мемлекеттік құрылымдар діни экстремизм мен терроризмге

қарсы бірлесе отырып жұмыс істеуі тиіс. Арнайы бағдарламалар мен тренингтер арқылы жастарға экстремистік идеологиялардың зиянын түсіндіру, олардың өзіндік сана-сезімін дамыту және басқа мәдениеттер мен діндерге құрметпен қарау да өте маңызды. Сонымен қатар, діни сауаттылықты арттыру үшін діни білім беру жүйесін жетілдіру қажет.

Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алудың ең тиімді жолдарының бірі – діни төзімділік мәдениетін қалыптастыру. Әр адам өз таңдауы бойынша діни сенімін ұстануға, басқа діндерді құрметтеуге, қоғамда бейбітшілік пен келісімді сақтау үшін адам құқықтарына негізделген өмір сүруге құқылы. Бұл мақсатта мектептерде, жоғары оқу орындарында, бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде діндер арасындағы келісім мен төзімділікті насихаттау маңызды.

Діни экстремизмнің алдын алу жұмыстарының бір бағыты – діни ұғымдардың дұрыс түсіндірмесін беру. Экстремизм мен терроризмнің теріс нәтижелерін көрсету арқылы жастарға дұрыс бағыт-бағдар беру олардың қауіпсіз болашағын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу тек заңдардың ғана емес, қоғамның барлық мүшелерінің бірлесе атқарған жұмысының нәтижесі болмақ. Қоғамда діни төзімділікті, бітімгерлікті және өзара құрметті насихаттау арқылы біз діни экстремизм мен терроризмнің алдын алып, әлемде бейбітшілік орнатуға үлес қосамыз.

Күйлиева Л.

Наследственное дело

«После смерти Ералиевой Жании Бердыхатовны, умершей 27 апреля 2025 года, открыто наследственное дело. Имеющимся наследникам обращаться к нотариусу Марбатовой А.М., по адресу Карагандинская область, г. Приозерск ул. Кисунько д. 1 Б тел. 87073453301»

Частный нотариус г. Приозерск



Қыста көпшілік тұрғындар үйлерін пешпен жылытады. Алайда, пешпен дұрыс қолданбау — өрттің негізгі себептерінің бірі. Сондықтан қауіпсіздік талаптарын сақтау - өмірлік маңызды мәселе.

Пешпен жылыту кезінде міндетті түрде сақтау керек ережелер:

1. Жылыту маусымы басталар алдында пеш пен мұржаны тексеріп, тазалау қажет. Мұржада жиналған күйе мен күл — өрттің басты себебі.
2. Пештің алдында 50 см қашықтықта металл қалқанша болуы тиіс. Бұл ұшқын немесе көмірдің шашырауын болдырмайды.
3. Пешті қараусыз қалдыруға және ұйықтар алдында от жағуға болмайды.
4. Пешке жанғыш заттарды жақын қоюға болмайды: Киім, төсек-орын, қағаз, перде және басқа да заттар тез тұтанып кетуі мүмкін.
5. Балаларды пешке жолатпау керек. Олардың ойнауы салдарынан оқыс оқиға болуы мүмкін.
6. Күніне 2–3 реттен артық жағуға болмайды. Пешті шамадан тыс қыздыру жарықшақ пайда болуына және оттың таралуына әкеп соғады.
7. Мұржа тазалау жиілігі: Жылыту маусымында кемінде 3 рет:
 - маусым басталар алдында;
 - орта кезінде;

- аяқталған соң тазалау ұсынылады.

8. Пешке салуға болмайтын заттар: резенке, пластик, қоқыс, бөтелке, дымқыл отын;

- жанғыш және улы заттар (майланған шүберек, синтетика).

Жиі кездесетін қателіктер:

- пеш есігін ашық қалдыру;
- жарықшақ пайда болған пешті қолдану;
- түтін тартпай тұрғанда от жағу;
- пеш жанында кептірілетін киім немесе отын қою.

Көмірқышқыл газынан улану белгілері:

- бастың айналуы, жүрек айну, әлсіздік, ұйқышылдық.

Мұндайда бірден таза ауаға шығып, жедел жәрдем шақыру қажет — *103 немесе 112.

Егер пеш ескі, жарықшақтары бар, түтіні үйге тарайтын болса – маман шақырып, жөндеу немесе ауыстыру керек.

Пеш — үйді жылытуға арналған тиімді құрал, бірақ қауіпсіздік ережелері сақталмаса, ол үлкен қауіпке айналуы мүмкін. Сондықтан әр үй иесі пешпен жылытуда жауапкершілікпен қарап, қарапайым ережелерді ұстануы тиіс.

Приозерск қаласы ТЖБ

Мұрагерлік іс

«2025 жылдың 27 қыркүйегінде қайтыс болған Оразымбетов Аяган Торемуратович азаматының, мұрагерлік ісі ашылды. Барлық мұрагерлерге, Қараганды облысы, Приозерск қаласы, Кисунько көшесі, №1Б үй мекен-жайында орналасқан нотариус Марбатова А.М. хабарласуға болады. Тел. 87073453301»

Частный нотариус г. Приозерск

2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН «ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ
МЕМЛЕКЕТТІК АКТИВТЕР ЖӘНЕ САТЫП АЛУ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ
КЕСТЕСІ

Мемлекеттік мекеменің атауы	Азаматтарды қабылдайтын тұлғаның аты - жөні	Азаматтарды қабылдайтын тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдайтын уақыты мен күні	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефондары
«Приозерск қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Жүсіпов Ахан Жармаханұлы	Бөлім басшысы	Күнделікті сағат 17.00 де	Приозерск қаласы, Балхаш көшесі,5	8(71039) 5- 28-59
«Приозерск қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Дюсенбаев Абиль Зейнелкапдулович	Бас маман	Күнделікті сағат 17.00 де	Приозерск қаласы, Балхаш көшесі, 5	8(71039) 5-29-03

«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ІШКІ САЯСАТ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ
5-27-92

Бөлім басшысының азаматтарды жеке қабылдау уақыты. Сейсенбі сағат 17:00-ден 18:00-ге дейін.

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧЕРЕЖДЕНИЕ
«ОТДЕЛ ВНУТРЕННЕЙ ПОЛИТИКИ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК»
5-33-16

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела. Вторник с 17:00 до 18:00 часов.

«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК
БАҒДАРЛАМАЛАР БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ
СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ
5-38-70

Бөлім басшысының азаматтарды жеке қабылдау уақыты - дүйсенбі, сәрсенбі, жұма күндері: сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін, 15.00-ден 17.00-ге дейін.

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГУ «ОТДЕЛ ЗАНЯТОСТИ И
СОЦИАЛЬНЫХ ПРОГРАММ Г. ПРИОЗЕРСК»
5-38-70

График приема граждан по личном вопросам руководителя отдела – понедельник, среда, пятница с 10.00 до 12.00; с 15.00 до 17.00 часов.

«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІНІҢ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ
5-20-17

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі – дүйсенбі-жұма сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ
СТРОИТЕЛЬСТВА ГОРОДА ПРИОЗЕРСК»
5-20-17

График приема граждан руководителем отдела – Понедельник-Пятница с 17.00 по 18.00 часов.

«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ АППАРАТЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ
5-33-16

Мәслихат төрағасы азаматтарды жеке мәселелері бойынша күн сайын, демалыс күндерінен басқа, сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧЕРЕЖДЕНИЕ «АППАРАТ
ПРИОЗЕРСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА»
5-33-16

Председатель городского маслихата принимает граждан по личным вопросам ежедневно с 17.00 по 18.00 часов, кроме выходных

«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ӘКІМ АППАРАТЫ» ММ
СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ:
5-30-06

Азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты:
Қала әкімі – әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап.
Әкім орынбасары (коммуналдық сала) – әр аптаның сейсенбі күні сағат 17.00 ден бастап.
Әкім орынбасары (әлеуметтік сала) – әр аптаның сәрсенбі күні сағат 17.00 ден бастап.

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГУ «АППАРАТ АКИМА
ГОРОДА ПРИОЗЕРСК»: 5-30-06

График приема граждан:
Аким города – еженедельно по понедельникам с 17.00 часов
Заместитель акима (коммунальная сфера) – еженедельно по вторникам с 17.00 часов
Заместитель акима (социальная сфера) – еженедельно по средам с 17.00 часов

№	Мекеменің атауы	Сенім телефоны/ Телефон доверия	Наименование организации
1	«Приозерск қаласы әкімінің аппараты» ММ	5-30-06	ГУ «Аппарат акима города Приозерск»
2	«Приозерск қаласының ішкі саясат бөлімі» ММ	5-27-92	ГУ «Отдел внутренней политики города Приозерск»
3	«Приозерск қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, спорт және дене шынықтыру бөлімі» ММ	5-40-93	ГУ «Отдел культуры, развития языков, спорта и физической культуры города Приозерск»
4	«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ	5-38-70	ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск»
5	«Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ	5-32-48	ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск»
6	«Приозерск қаласының экономика және бөлімі» ММ	7-00-51	ГУ «Отдел экономики и финансов города Приозерск»
7	«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ	5-32-99	ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск»
8	«Приозерск қаласының құрылыс бөлімі» ММ	5-20-17	ГУ «Отдел строительства города Приозерск»
9	«Приозерск қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» ММ	5-28-59	ГУ «Отдел государственных активов и закупок города Приозерск»
10	«Приозерск қаласының тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ	7-00-14	ГУ «Отдел жилищных отношений и жилищной инспекции города Приозерск»
11	«Приозерск қаласының тұрғын үй шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ	5-38-76	ГУ «Отдел ЖКХ, пассажирского транспорта и автомобильных дорог города Приозерск»

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru Таралымы: 500 дана Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35 QORJYNTUBEK JARŞYSY		
Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.» Бас редактор: Исатай М.А. Техникалық редактор: Исатай М.А. Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5. Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды. Тапсырыс №43/173, Таралымы:500 дана, пішімі: А3	Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35 Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35 Электрондық почта: priogazeta@mail.ru Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.	Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады. Балаларға тыйым салынған.